

175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының мерейтойы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел газеті «Egemen Qazaqstanda» жариялаған кезекті, аса елеулі еңбегінде өзіне тән кемеңгерлікпен тың бағыт, соны идеялар айта отырып, оралымды, ордалы ойлар айтқан «Абай және ХХІ ғасырдың» ұнағаны соншалық үн қосу лебімізде тілге тиек етер үзінді келтіру жеңіл болмады. Себебі әр абзац қана емес, әр сөйлем тұнып тұрған тұп-тұнық ой, төгіліп тұрған жыр мен сыр. Сөзіміз жалаң болмас үшін бір мысал келтірелік. «Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймын». «Біз Абайдың 125 жылдық мерейтойын қоғамдық сананы жаңғыртып, бір ел, тұтас ұлт болып дамуымызға серпін беретін іс-шара ретінде зор мән беріп отырмыз». «Бұл тойдың үстіндегі басты мақсатымыз бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуы тиіс деп білемін. «Абай сыны – ауыр сын». «Жалпы өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселіміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз». Міне, осы әрі қысқа, әрі нұсқа үш қана үзік үзіндіден-ақ «Абай және ХХІ ғасыр» атты мақаланың аса маңыздылығын

Адамзат барда Абай бар

Ұлы тұлғалардың ұлағатты ойлары бір-бірімен әсем үйлесіп, әдемі үндесіп жатады. Соның керемет, кермиық, көркем бір көрінісі – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мен Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. Осы айтулы екі еңбектің аты мақала болғанымен заты сол атауға сыймайтын әрқайсысы аса салмақты жүк көтеріп, саликалы, асқан парасатты ой айтқан өте ауқымды еңбек, болашаққа жол сілтеген бағдаршам, адастырмас ақ жұлдыз.

анық танып, жүрер жолымызды айқын көріп отырмыз. Мемлекет басшысының «Семей қаласын тарихи орталық ретінде белгілеу», «Ресейдегі, Франциядағы, Ұлыбританиядағы және басқа да мемлекеттегі елшіліктер жанынан «Абай орталықтарын құру» идеясы қорғасын құйылып алшы түсер асықтай көкейге қона кетті.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Адамзат барда Абай бар. Абай – дүние тұрғанша тұратын тұлға! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы онда айтылған ордалы, озық ойларымен, жаһандық мәні бар ұсыныс, идеяларымен аса құнарлы, аса құнды еңбек, күнделікті

өміріміздің бағытын айқындап тұрған бағдаршам, адастырмас ақ жұлдыз. Иә, адамзат барда – Абай бар. Абай – дүние тұрғанша тұратын тұлға!

Сәбит ДОСАНОВ, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

АЛМАТЫ



Ұлы ойшыл өнегесі

Президентіміз Қ.Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетінде (9 қаңтар, 2020 жыл) «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» тақырыбында терең мағыналы мақала жариялап, ұлы тұлғаға деген жүрекжарды ойларымен елді елен еткізді. Мемлекет басшысы Абай мұраларына терең үңілу, оны ой-санадан өткізу Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы ой-тұжырымдарға сөйкес келетінін айтты.

«Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үдерістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жана өмірге бейім болуға шақырған». Осылай деп жазған Президент Қ.Тоқаев Абайдың үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғаны, осы идеяны барынша дәріптегені оның шығармаларынан анық байқалатынын айтады. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда. Сондықтан Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін жан-тәнімен қалады.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім. Ержеткен соң түспеді уысыма, Қолымды мезгілінен кеш сермедім», – деп кезінде жаңа мектептен білім ала алмағанына өкінген дала данашпаны бұдан кейін Семей өңіріне жер аударылып келген Е.П.Михаэлис, М.Ф.Достоевский сияқты орыс зиялыларымен араласып, достасу, өз бетінше оқып, іздену арқылы орын жөне Еуропа әдебиетіні жауһарларымен терең сусындап, білімін жетілдіргені ақиқат. Орыс поэзиясының көрнекті өкілдері А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, И.А.Крыловтың, И.А.Буниннің өлендерін, неміс ақындары И.В.Гете мен В.Шиллердің, поляк ақыны А.Мицкевичтің, ағылшын Дж.Байронның орыс тіліндегі жырларын қазақша сөйлеткен хакім Абайдың өз бетінше алған білімі де ұшан-теңіз екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Сондай-ақ оның Үндістанның патшасы, әскери қолбасшысы болған Бабыр Захиреддин Мұхаммедтің (1483-1530) түркі тілінде жазылып, 1493-1523 жылдар арасындағы тарихи оқиғаларды қамтитын «Бабыр-наме» кітабын ыждағаттап оқу арқылы қазақ тарихы туралы білім-білігі өсе түскен еді.

Ол өзінің терең философиялық толғамдарға толы «Қара сөздерінде» де ілім-білімнің өмірдегі мән-маңызы

туралы ой тербейді. Мысалы, «Ғылымды үйренгенде, ақиқатты білу мақсатымен үйрену керек, білімді біреумен керісіп, біреуді күнлеу үшін пайдаланба. Білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттен... Адамның білім-ғылымды көбейтуге екі қаруы бар, бірінші – ойласу, пікір алысу, екінші – барлық күшті жұмсау, алған білімін сақтау, қорғау» (32-сөз), деген Абай ұлағаты бүгінгі жастар үшін де өте маңызды. Абайдың «Толық адам» туралы ілімі де қазақ жастарынан зор адамгершілік иесі, әдепті, мәдениетті, жан-жақты білімдар азамат болуын талап етеді. Сондықтан данышпан Абайдың жастарды ілім-білімге шақырған ойлары қазір де аса өзекті. «Себебі, – дейді Президент Қ.Тоқаев, – ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ал біздің міндетіміз осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу. Ол үшін ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек... Президенттің бұл сөзі шынымен-ақ бүкіл зиялы қауымға, оның ішінде білім саласының қызметкерлеріне терең ой салуы тиіс.

Абай есімін 85 жылдан бері берік ұстап келе жатқан еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орны – біздің университетіміз арадан қаншама қилы-қилы кезеңдер, алай-бұлай замандар өтсе де, Абай өсиеттеріне адалдығынан танған емес. Көрнекті абайтанушы ғалым, филолог ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының айтуынша, Абай мұрасының ресми түрдегі ғылыми-зерттеу нысанасына алынуы 1934 жылы ҚазПИ-дің қазақ әдебиеті кафедрасында М.Әуезовтің ұстаздық ету кезеңімен тұстас келеді екен. Абайтанудың ғылымы негізі де осы жылдары қалана бастаған. 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналының 11-12 сандары түгелдей Абайға арналып жазылған мақалалармен жарық көрген. Бірақ мұның басым көпшілігі үстірт жазылған дүниелер еді. Осындағы М.Әуезов пен Қ.Жұбановтың

мақалаларының ғылыми деңгейі биік, келешек абайтанудың бағыт-бағдарын анықтап берген мақалалар еді.

Тағы да М.Мырзахметұлының келтірген деректеріне қарасақ, 1944 жылы ҚазПИ-дің Ғылыми кеңесінде Абайдың 100 жылдық мерейтойына даярлық мәселесі М.Әуезовтің арнайы жасаған баяндамасында көтерілген. М.Әуезовтің «Абай мұрасы нәр алған үш бұтағы» туралы ғылыми-теориялық конференциясы да осы жылдан бастау алған. 1954 жылы академик Қ.Жұмалиевтің ұсынысымен оқу орнында «Абай кабинеті» ашылуы да хакім Абай мұраларын зерттеуге мол мүмкіндік берді. Міне, бұл айтылғандардың бәрі, жалпы, абайтану ғылымын қалыптастыруда және дамытуда еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орын – бұрынғы ҚазПИ-дің, қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің орны зор болғанын көрсетеді.

Ал 2008 жылы университетте «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының ашылуы Абай мұраларын зерттеуге соны серпін бергені сөзсіз.

Біздің университетімізде Абай мерейтойына дайындық өткен жылы басталған болатын. Ғылыми кеңестің шешімімен 2019-2020 оқу жылын «Абай жылы» деп жариялап, бүкіл оқу-тәрбие жұмысын және ғылыми іс-шараларды осы атаулы жылмен байланыстырып отырмыз.

Президент Қ.Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» тақырыбындағы мақаласында: «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі кемелдіктің көрінісі», деген еді. Сондықтан университетіміздің әрбір студенті Абай ілімімен терең сусындап, одан өмірлік тәлім алуы үшін қажырлықпен еңбек етудеміз.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек... Біреуінің күні жоқ біреуіңіз Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», – деп жас қауымды білім-ғылымға үндеген хакім Абай өнегесі өз халқын әлі де өркеннетке жетелей бермек.

Тақир БАЛЫҚБАЕВ, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

«Толық адам» ілімі толыса береді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласымен толық танысып шықтым. Бұл – абайтану бағытында алғаш рет бағдарламалық деңгейдегі мақала болды. Абайтану – аса қажет нәрсе.

«Бұдан былай не істейміз?» деген сауалдың бағытын тауып алып отырмыз. Мұның үлкен бір пайдасы осында жатыр. Қазір дүниетаным мүлдем өзгеріп кеткен. Ал қоғамдық ғылымдар дағдарыста тұралап тұр. Жана дүниетанымға бағыт-бағдар ұстау бүгінгі басты мақсатымызға айналды. Президенттің мақаласы осы тұрғыда бізге жана міндеттер мен шешімдер ұсынып отыр деп білемін. Абайтану ілімінің өркендеу жолы тұрғысынан кейбір мәселеге молырақ тоқталу қажет. Яғни, бұрын Абайға қатысты еңбектердің бәрін маркстік-лениндік компартияның материалистік диалектика көзқарасына бағыттап шығарып келдік. Бұл – жалған болып шықты. Абайтануды, жалпы қоғамдық ғылымдарды дамыту үшін де жана дүниетанымға орайластырып жана жол салу керек. Оған даярлығы бар абайтанушылар бар ма, жоқ па білмеймін. Сондықтан бұған үлкен ұйымдастырушылық рух қажет. Мақалада көтерілген пікір-тұжырымдар жинала келе арналы ілімдегі өзекті мәселелердің өнікті салаларына назар аудартады. Абайдың мұрасы – біздің халқымызды, халқымыздың санасын жаңғыртатын ұлттық код. Ерекше мән беруіміздің сыры осында. Қазіргі күні «Толық адам ілімі» атты 400 беттік кітабымызды баспаға әзірлеп болдым. Жиырмажылдық шығармашылық ғұмырға не зерттеу еңбек. Таяу күндері

кәсіпкер азаматтың демеушілігімен «Қазығұрт» баспасынан жарыққа шығып қалады. Онда «толық адам» ілімінің шығу тарихы, кезеңі жан-жақты айтылады. Жалпы, толық адам ілімі өте ертеден келе жатыр, біздің заманымыздан бұрын V-VI ғасырда «ахи» деген ілім шыққан. Жомарттар деген сөз. Он бір ғасырдай өмір сүріп, бүкіл түркі жұртын тәрбиелеген болатын. Бұдан соң әл-Фарабидің «Парасатты адам ілімі», ал XI ғасырда «Құтты білік» кітабы жалпақ жұртқа жария болды. Бұл шығармашылық ілімнің негізі еді. XIII ғасырдағы Қожа Ахмет Ясауидің «Хал ілімі», хикмет дәстүрі адамның ар-ождан үні. Содан кейін XIX ғасырдың аяғында Абайдың «толық адам» мен Шәкәрімнің «Ар ғылымы ұғылса» ілімі арнаулы жүйемен бүгінге дейін үзілмей келе жатыр. Қытай жағында басталған дәстүрлі ілім Конфуцийден кейін тоқтап қалды. Үндістан мен Иранда да солай. Дәстүрмен таркатқан мұндай ілім бізде ғана сақталып қалды және Абайдың «толық адам ілімі» толыса береді. Жасты да, кәріні де тәрбиелеп, ішкі, рухани жан дүниесін тазартып шығады. Ең бастысы, ой-сана тазалығы. Қазаққа ғана емес, түрік халықтарына, дүниежүзі халқына әсер ететін қуаты бар ілім.

Мекемтас МЫРЗАХМЕТОВ, абайтанушы

Парасат өлшемі

Жас кезінен естігені мен оқығанын ұмытпаудың үлгісін көрсеткен, есейгенде көргені мен түйгенін халқына айтып та, жазып та қалдырған ақын, ғұлама Абайдың өмір жолына тәуелсіздік тұрғысынан қарау үшін бізге не жетіспейді?

ХХІ ғасырдағы Қазақ елінің тоқтамы: оқу-тоқу мен дәстүр сабақтастығы, әлемдік деңгейдегі тұраға терең бойлау жетіспейді. Сөз түзелгеннен кейін өзін түзеу үшін әр адамға зейін қажет. Кішіге зеректік, үлкенге парасат керек. Осыдан 107 жыл бұрын «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес, көп нәрсені Абай сөз қылған; сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді», деп «қазақтың бас ақынының» қасиетін дәл бағалаған. Яғни, әр нәрсенің асылын танып-білу – қай заманда болсын өте көкейкесті мәселе. Өзінің тарихтағы ғылымды мақаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Абай мұратына қатысты ұлттық құндылықтар мен ұстанымдарды, жалпыадамзаттық әрі заманауи уәждерді ұсынды. Мұны Елбасымыз айқындаған рухани жаңғыру үрдісінің сабақтастығы деп қабылдаған жөн. Мақаладағы өзекті ойлар жауапты да өрісті ел азаматтарын, барлық салада еңбек етіп жатқан белсенді жандар мен жарандарды жасампаздыққа, бірлік пен тағаттылыққа үндейді. Кезбояушылықтан, науқаншылықтан арылуды үйретеді, әсіресе жастардың оң бағытта жетілуіне жол сілтейді. Осы мақаладан ой сабақтап, мына нақты ұсыныстарды ортаға салғымыз келеді:

1) «Абайдың академиялық мәтіні, тексі» деген ұғымды қалыптастыруымыз керек. Әйтпесе кейбір сөздерін, жекелеген ұғымдары мен ойларын әр ғалым әртүрлі түсіндіріп жүр. Тіпті кереғар да пікірлер жас буынды адастыруы мүмкін.

2) Абай қалың оқырманға жеткен мұрасы мен бүгінгі күн арасы – ғасырдан астам уақыт. Бұрынғы өткен көсемдердің ісі, шешендердің сөзі, билердің шешімі Абай таламынан өтіп, бізге жеткені – аса зор олжа. Сондықтан «аз да болса саз» дегендей, ақын шығармаларының мектепке, жалпы қауымға, өзге тілді аудиторияға арналған мәтіндерін (түсінік-комментариймен) шығару қажет.

3) Президент «Абайды – ұлттың темірқазығы» деді. Ендеше әр сала мамандары ақын мұрасын өз саласының проблемаларына немесе сын-кәтеріне сай зерделеуі тиіс.

4) Абайды алғыр бала, үздік

шәкірт, он бесінде ойлы азамат, жиырмасында әділ би, зерек ақын, халықшыл данышпан, ұлттың асқақал-абызы бейнесінде анимация (бүлдіршіндер мен балаларға арнап) кейіпкері ету – азат Қазақ елі өнері мен мәдениетінің кезек күттірмес міндеті.

5) Зайырлы қауымның жөні бөлек. Қазақстандағы медресе бағдарламасында, имам уағыздарында Абай мұрасы лайықты орнын алуы тиіс.

6) Абайдың суреті мен бейнесін біріздендіру де – уақыт талабы. Осы ретте ұлттық рәмізіміз сынды теңемізде (20 теңгелік) бейнеленген танымал суретші Ағымсалы Дүзелхановтың суретін негізге алуға болар еді. Бұл сәтті бейне миллиондардың көзіне де, жүрегіне де ыстық. Енді оны тиісті заңдық ережемен бекіту жағын ойластыру керек.

7) Заманында Абай да өнер-білімін партия ісіне салғаны белгілі. Оның әлі жете зерттелмеген мұрасын зерделеуге біздегі саяси ұйымдар да атсалысса, өнер, ғылым саласындағы азаматтардың тәуелсіз ел алдындағы борышын бөтен іспен, дүдәмал оймен былғамай, адал атқаруына жол ашары сөзсіз.

Сонда ғана өзгеден ақыл-оймен, білім-парасатпен озу мәдениеті жетіле түсер еді.

Қазіргі қоғамда Абай мұрасын оқу, қайта пысықтау, зерделеу жас буын мен қалыптасқан азамат санасын серпілтуге әсер ететінін уақыттың өзі дәлелдеді. Еуропа айтатын «классика» ұғымының мәні де осында. Ол – қай заманда да өнеге және парасат өлшемі.

Ал Президент нұсқаған түсіндіру мен насихаттау ісіне барлық қоғамдық ұйымдар мен БАҚ, әлеуметті желілер күш біріктірсе, «жайлы, жұмсақ күштерді» орнымен пайдалансақ, іштегі тамырларымызды, сырттағы әріптес-достарымызды «Абай әлеміне» тарта білсек, елеулі нәтижеге қол жеткізер едік. Сонда ғана арзанқол телеөнімдер мен радиохабарлар, жеңіл-желпі жазбалар мен қаңқу пікірлер өздігінен азайып, тыйылары сөзсіз. Өйткені өлең сөздің патшасы, қара сөздің құдіреті Абай қашанда біртұтас халқын жақсылыққа бастайды.

Дархан МЫНБАЙ, Мәжіліс депутаты